

## 2019 жылға егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 296 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 сәуірде № 5638 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 25 қаңтардағы № 24 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің 25.01.2021 № 24 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша аудан аумағында 2019 жылғы егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Бәйтерек ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Зеленов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 286 "Зеленов ауданы бойынша 2018 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5183 болып тіркелген, 2018 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Аудан әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Залмукановқа жүктелсін.

6.Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бәйтерек ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 296 қаулысына қосымша

**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша аудан аумағында 2019 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері**

№	Өсімдік шаруашылығының өнімдерінің түрлері	оңтайлы мерзімдері	
		3 құрғақ дала аймағы	
		басталуы	аяқталуы
1.	Жаздық арпа	2019 жылғы 25 сәуір	2019 жылғы 10 мамыр
2.	Сұлы	2019 жылғы 25 сәуір	2019 жылғы 10 мамыр
3.	Жаздық бидай	2019 жылғы 10 мамыр	2019 жылғы 25 мамыр
4.	Күнбағыс	2019 жылғы 5 мамыр	2019 жылғы 15 мамыр
5.	Тары	2019 жылғы 20 мамыр	2019 жылғы 25 мамыр
6.	Күздік бидай	2019 жылғы 15 тамыз	2019 жылғы 10 қыркүйек
7.	Мақсары	2019 жылғы 10 мамыр	2019 жылғы 25 мамыр